КӨШІРМЕ/КОПИЯ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 3маусым № 1013-24-00-2/791 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т. Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Luxe-Detail» жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Luxe-Detail» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Luxe-Detail» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Luxe-Detail» жеке кәсіпкерден талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 434 (төрт жүз отыз төрт) теңге 28 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «Luxe-Detail» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Ергалиева А. Т., 11.07.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.Т.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Ергалиева А. Т., 11.07.2024

1013-24-3-1/778